Келісемін

ДТЖорынбасары:

С.Көшербайұлы

Бекітемін

Мектеп директоры:

С.Стамбулов

**«Мәдени жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 6Б –сыныбының жетекшісі Қ.Балкыбекованың 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары**

| № | Мазмұны | Мерзімі | Жауапты | Орындалуы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жаңа оқу жоспарын бекіту | тамыз | Қ.Балкыбекова ДТЖО | |
| 2 | Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау | тамыз | Қ.Балкыбекова Г.Әшимова | |
| 3 | 1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шараға қатысу, сынып сағатын өткізу | қыркүйек | Қ.Балкыбекова ДТЖО | |
| 4 | Ата-аналар жиналысын өткізу. | тоқсан сайын | Қ.Балкыбекова | |
| 5 | Сынып оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстыру,қол қойдыру | тоқсан сайын | Қ.Балкыбекова | |
| 6 | Тәрбие сағаттарын өткізу Ата-аналарды шақыру | апта сайын | Қ.Балкыбекова | |
| 7 | Сынып ,топ жиналыстарын жасау | ай сайын | Қ.Балкыбекова | |
| 8 | Оқушылардың сыныптан тыс үйірмеге қатысуын қадағалау | әр кезде | Қ.Балкыбекова Пән мұғалімдері | |
| 9 | Мектеп психологымен,әлеуметтік педагог,медбике,тәлімгермен байланыста болу | жыл бойы | Қ.Балкыбекова М.Тлепшиев А.Әбжаппар | |
| 10 | Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау | жыл бойы | Қ.Балкыбекова А.Әбжаппар | |
| 11 | Тазалық күнін өткізу Сыныпқа тиесілі территорияда сенбілік ұйымдастыру | апта сайын | Қ.Балкыбекова | |
| 12 | Мектеп инспекторы,ДИ өкілдерімен кездесу ұйымдастыру | жылына 2 рет | Қ.Балкыбекова ДТЖО С.Көшербайұлы | |
| 13 | Медициналық тексеруден өткізуін қадағалау | жылына 1 рет | Қ.Балкыбекова А.Амиркулова медбике | |
| 14 | Оқушыларды іс шараларға, байқауларға, спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастыру, басшылық ету | әр кезде | Қ.Балкыбекова Пән мұғалімдері | |
| 15 | Оқушыларды танымдық жерлерге,мұражайларға алып баруды ұйымдастыру | демалыс кезінде | Қ.Балкыбекова ДТЖО С.Көшербайұлы | |

Сынып жетекшісі: Қ.Балкыбекова

«Мәдени жалпы орта білім беретін мектеп»

КММ

# *Тәрбие жұмысының жылдық есебі*

***6 Б-сынып***



***Сынып жетекшісі: Балкыбекова К***

***2022-2023 оқу жылы***

**2022-2023 оқу жылында 6 Б сынып оқушыларымен жыл бойына атқарылған тәрбие жұмысының есебі**

2022-2023 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Алғашқы тәрбие сағатымыз «Білім күнімен» басталды. Тақырып «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында болды.

Сабақтың мақсаты: Тәуелсіздік алған 31 жылдың ішінде Қазақстан халқы қандай жетістіктерге жеткеніне көз жүгірту, еліміздің тарихына тоқталу. Отанды сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге үйрету, өз ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтауды бойына

дарыту.

Сыныпта барлығы 21 оқушы бар. Оның ішінде ұлдар-12, қыздар-9.Сыныптағы барлық оқушылардың қай жерде тұратындығы, жалпы отбасылық жағдайларының қандай екендігі маған жақсы таныс.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) «Тілі мықтының тұғыры мықты» тақырыбында мектепішілік мерекелік онкүндік өтті.Осыған орай оқушылармен түрлі іс шаралар өтілді.Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне, үлес қосуға тәрбиелеу.



Жас ұрпақтың бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыру мақсатында іс шаралар ұйымдастырылды. Әдеттегідей, тәрбие жұмысы кабинеттерде техника қауіпсіздігін сақтау, табиғат апаттарынан сақтану, азаматтық қорғаныс жұмыстарын ұйымдастыру шараларымен қабаттастыра өткізілді.

Ұстаздар күніне байланысты мектепішілік «Ұстаз ұлы тұлға» атты кешке концерттік нөмірмен қатысты.



Салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында «Алкогольдің адам организміне, өміріне тигізетін зардаптары» туралы баяндап, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, пікір алмастым. Оқушылар «Біз есірткіге қарсымыз» тақырыбында постерлер қорғап, челлендж жасалды. Тақырып бойынша сынып сағаттары өткізілді.





Мектебіміздің 5-11-сынып оқушылары арасында «Өмір тамаша! Басқа қауіпке жол берме!» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел *мақсаты:* оқушыларға тақырып бойынша жалпы түсініктер беру, білім көлемін кеңейту. Зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу. Адамзат баласына бір –ақ рет берілетін өмірді қадірлей білуге үйрету.





Оқу жылының жоспарына сәйкес сыныптарда қоғамдық пайдалы еңбек ету шаралары жүргізіліп келеді. Сынып тазалығы, гүлдендіру, мектеп айналасына сенбілік жүргізілді. Мектепте көктем айының сәуір айынан бастап әдеттегідей мектеп ауласын көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі.Бұл шара «Жасыл ел» бағдарламасының жалғасы, сондықтан 6 сынып оқушылары да бір шамдай сенбілікке қатысып, өз қолтаңбаларын қалдырды. Әрбір сынып оқушылары бөлінген территориясына гүл отырғызып, оларды суғарып отырды.





**Мектебімізде «Қош келдің әз-Наурыз» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Оқушылар қазақтың ұлттық тағамдарын, әдет- ғұрыптарына байланысты сұрақтарға жауап берді.**





Мектебімізде 7 мамыр -Отан қорғаушылар күні, 9 мамыр Ұлы Жеңіс күні мерекелеріне арналған іс-шара өткізілді.





Жыл бойына мектепте өткізілген қоғамдық іс шараларға сынып оқушылары барынша белсене араласты, пәндер апталықтарына қабырға газеттерін шығарып, мерекелерде сахна көріністеріне ат салыса қатысып өздерін жақсы жағынан таныта білді.

Жыл қорытындысында сынып оқушылары үлгерімі 100 пайыз, сапалық құрамы 54% пайызбен оқу жылын тәмамдамақ. Оқушылар жыл бойы мектептің қоғамдық іс шараларына белсене қатысты.

6 Б сынып жетекшісі: К.Балкыбекова



Жыл басынан бастап 6 сыныбыма сабақ беретін барлық пән мұғалімдерімен тығыз қарым қатынаста болдым. Оқушыларымның тәртібін, сабаққа деген ынталарын,үй тапсырмаларын қаншалықты орындайтындықтарын бақыладым. Бақылау кезінде оқушылардың оқу барысында жіберген қателіктерін дер кезінде байқап, оларға ескертулер айтып отырдым. Бірінші күндері тәрбие сағатында күнделіктерін тексеріп, ескертулер беріп отырдым. «Күнделік кз» платформасынан «Білім ленд» платформасына жалпы мектеп бойынша көштік. Пәндерден алған бағаларын «Білім лендтен» бақылап отыруды талап еттім. Себебі, оқушылар мен ата-аналарда осы уақытқа дейін бұл дағды қалыптаспаған. Жыл басынан әр аптаның дүйсенбі күндері жоспар бойынша сынып сағаттарын өткіздім. Сыныптар арасында «Алтын күз» мерекесі өтті.



Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Жасөспірімдер арасында АКТК/ЖКТБ-н белгілері, жұқтырудың алдын –алу», «Дұрыс тамақтанудың бала денсаулығына әсері» атты әңгіме өтті, арнайы диктанттар алынды. «Денсаулық зор байлық» ұранымен арнайы флешмоб ұйымдастырылып, оқушылардың спортпен үнемі шұғылданып отыруларына жол көрсетіп отырдық.

Буллингке қарсы мектепшілік челлендж түсірілді.Оқушылар алаңға жиналды.Буллинг туралы баяндама оқылды. Буллингке жол бермеу,алдын алу шараларымен таныстырды.





Кітапханашымыз Өмешова Гүлмира апайдың ұйымдастыруымен мектеп кітапханасында 5-11 сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбиеге арналған кітаптарды таныстыру өткізілді. Шара мақсаты оқушыларға қарым-қатынас жарастығы туралы түсінік бере отырып сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.





Отбасылық тәрбие жүйесін қайта жаңғырту және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру мақсатында мектеп тәрбие орынбасары, психолог, сынып жетекшілер «Ашық есік күні» деп аталатын ата-аналарға тренингтер күні өткізілді.



# Қарттарым - асыл қазынам!

Құрметті,ардагерлер!
Сіздерді 1 қазан – Халықаралық
қарттар күні мерекесімен
құттықтаймыз!



«Мәдени жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# Тәрбие сағаты

Тақырыбы:

# 15 Қараша Ұлттық валюта – теңге күні

6 б –сынып

Сынып жетекші: Қ.Балқыбекова

Мәдени ауылы